**Автор**: Бакеева Турсынгуль Дошниязовна
**Пән**: Өзін-өзі тану
**Сынып**: 3- сынып
**Бөлім**: Адам болам десеңіз
**Тақырып**: Жомарттық пен кеңпейілділік

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Білімділік: оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділік ұғымдарын қамқорлық қасиеті арқылы түсіндіру; Дамытушылық: оқушылардың айналасындағы адамдарға қайырымды іс жасау қасиетін дамыту; Тәрбиелік:оқушыларды қайырымдылыққа , қамқорлыққа , жанашырлыққа тәрбиелеу. |
| Сабақтың мақсаты: | оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділіктің адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. |
| Тілдік мақсаттар: | адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасауға , жағымды сөйлеуге үйрету |
| Күтілетін нәтиже: | айналасындағы адамдарға кеңпейілділік танытып , жомарттық көрсетеді |
| Бағалау критерийлері: | адамдарға деген жанашырлығы , қайырымдылығы , қамқорлығы артады |
| Құндылықтарды дарыту: | жанашырлық , қайырымдылық , қамқорлық қасиеттерін дамыту арқылы сүйіспеншілік құндылығын жарыққа шығару |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Жағымды күйге келу кезінде "Путь сердца" релаксациясы және "Біз өмірдің гүлміз" әнінің музыкасы компъютер арқылы қосылады. |
| Пәнаралық байланыс: | қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка |
| Бастапқы білім: | адамдармен жағымды қарым-қатынас дағдылары |

## Сабақ барысы

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| --- | --- | --- |
| Сабақтың басы | Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу. | "Путь сердца" релаксациясы |
| Сабақтың ортасы | Үй тапсырмасын тексеру:Ы.Алтынсариннің «Жомарт» әңгімесін талдау:- Атымтай жомарттықты қалайша түсіндірді? -жомарт адамдардан қандай үлгі алуға болады? -жомарт адам болу үшін қандай іс-әрекеттер жасау керек деп ойлайсыңдар? -сеніңше жомарттықты тағы қалай көрсетуге болады? -өзіңнің қамқорлық көрсеткен кезің болды ма? -қандайқайырымды іс жасадыңдар? -қандай жағдайда жанашырлық таныттың? Дәйексөз «Адамның қадірлісі-жомарт кісі» Ж.Баласағұни 2-рет ербалаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу.<br>Әңгімелеу М.Сүндетов «Қайырымдылық» -Мұқтар қайдан келе жатыр еді? -жолда ол не көрді? -Мұқтардың қандай қасеттерін байқадыңдар? -өздерің осындай жағдайды кездестірдіңдер ме?Не істедіңдер? -сен қандай жанашырлық таныттың? -біреудің қайырымды ісі туралы баяндап бере аласың ба?<br>Шығармашылық жұмыс: оқулықтағы 2-тапсырманы орындау.<br>Топпен ән айту: Ә.Дүйсенбиев пен Б.Ғизатовтың Біз өмірдің гүліміз әнін бәрге орындау. | Өзін-өзі тану оқулығы 99 бет |
| Сабақтың соңы | №22 сабаққа Е.Өтетілеуұлының «Жомарт» әңгімесін оқып және мазмұндап келу | Өзін-өзі тану оқулығы 101-102 бб |
| Рефлексия | Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды айқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар! | . |